

Облыстық мәслихаттың және облыс әкімінің "Тауарлы (ауыл шаруашылығы) өндірісін жүргізу үшін азаматтардың меншігінде бола алатын және ұзақ мерзімде пайдалана алатын жер учаскелерінің шектеулі (ең үлкен) мөлшерін бекіту туралы " N 17/6-3 бірлескен шешімінің 2-тармағы күшін жойды деп тану туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты мен облыс әкімінің 2004 жылғы 15 сәуірдегі N 6/16-2 бірлескен шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет басқармасында 2004 жылғы 19 мамырда N 1259 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының 2010 жылғы 18 маусымда N 26/15 Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының 2010.06.18 N 26/15 Шешімімен

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексін, осы мәселе бойынша Үкіметтің 2003 жылғы 22 қазандағы N 1071 қаулысын жүзеге асыру мақсатында, сондай-ақ "Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы N 213-1 Заңның 28-бабы 1-тармағына сәйкес облыстық мәслихат және облыс әкімі **ШЕШТІ:**

Облыстық мәслихаттың және облыс әкімінің 2002 жылғы 19 сәуірдегі «Тауарлы (ауыл шаруашылығы) өндірісін жүргізу үшін азаматтардың меншігінде бола алатын және ұзақ мерзімде пайдалана алатын жер учаскелерінің шектеулі (ең үлкен) мөлшерін бекіту туралы» 17/6-3 бірлескен шешімінің 2-тармағы алып тасталсын.